

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ
ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ**

Алматы, 2012

1.1 Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауларында педагогтарды даярлаудың мән- маңызы үнемі атап көрсетіліп, мұғалім кадрларын даярлау жөніндегі түбегейлі іс-шаралар ұсынылуда. Мемлекет басшысы: «Сапалы білім беру Қазақстанды индустриализациялаудың және инновациялық дамытудың негізі болуы тиіс», – деп қадап айтқан болатын.

Қазақстан Республикасы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында білім беру жүйесіндегі мәселелерді шешудің басты тұлғасы ретінде адам капиталын қалыптастыруға тиіс педагогтарға басты назар бөлінген.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі, оның даму салаларын айқындайтын Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымына кіру; білім берудегі ұлттық саясаттарды үйлестіру; білім беру баспалдақтарын әлемдік талаптарға сәйкестендіру; тұрғындардың үнемі өсу үстіндегі оңтайландыру жағдайлары; жаңа ақпараттық, білімдік және басқарушылық технологиялар, біліктілік тұрғысынан білім беру модельдерін енгізу сияқты жаһандану үдерістерінің ықпалы аясындағы реформалау ісінің жаңа сатысына көтеріліп келеді.

Осы өзгерістердің барлығы педагогтар даярлау ісіне оң әсерін тигізуде, ұстаздардан ел дамуының қажеттіліктеріне сәйкес еңбек нәтижелерін талап етуде. Білім беру аясындағы реформалардың жүзеге асырылуын тиімділікпен қамтамасыз ету үшін педагог кадрлары кәсіби және жалпымәдени біліктілікке, тұтастай алғандағы педагогикалық үдерістің заманауи жағдайларында алға тартылатын әртүрлі міндеттерді талапқа сай шеше алатын қабілетке ие болуы тиіс. Бұл саланы реформалаудағы нәтижелердің бірі жаңа қоғам педагогы қалыптасатын жағдайға жету.

Бағдарламалық құжаттарда және Елбасы алға қойған міндеттерде айқындалған бағыттарды басшылыққа ала отырып, осы Стратегияда бәсекеге қабілетті болуға дайындық үдерісін жаңғыртудың, ғылыми, білім беру және инновациялық қызметтерді үйлестірудің стратегиялық бағдарлары, біртұтас халықаралық ғылыми-білімдік кеңістікке ену жолдары белгіленген.

1.2 Жоғары білімді дамытудағы жаһандық бағдарлар

Жоғары білімді дамыту бағдарларын сараптау көрсеткеніндей, басқа да көптеген бағдарларды айқындайтын басты бағдар ретінде білім беру ісіндегі жаһандану үдерісі танылып отыр.

Жаһандану халықаралық шоғырлануға, академиялық оңтайлылықтың өсуіне, оқу жоспарлары мен білім беруді кеңінен таратуға, білім беру ісіндегі жаңа формалар мен әдістерді пайдалану қажеттілігіне бастайды.

Халықаралық шоғырлану ісіне заңдылық жағынан қуатты ықпалын тигізген халықаралық келісімшарттар мен келісімдер жасалып, іске қосылды. Олардың қатарында біртұтас жалпыеуропалық білім беру жүйесін қалыптастыруға

бағытталған. Маастрих келісім- шартын, жоғары білімдегі біліктілік туралы Лиссабон конвенциясын, Еуропа мен басқа да елдер үшін нақты іс жүзіндегі шоғырлану, бірлесу бағытындағы шешуші кезең болып табылатын Болон декларациясын мысал ретінде атау керек. Қазақстан Болон үдерісіне 2010 жылы қосылды, қазір оның ұстанымдары мен өлшемдерін мамандар даярлау саласына енгізу жөніндегі ауқымды жұмыстар жүргізіліп келеді.

Сайып келгенде, жаһандану жалпыға ортақ дүниежүзілік білім беру кеңістігін қалыптастырады және көптеген елдердегі дәстүрлі білім беру жүйесін өзгертуге қуатты болды.

XXI ғасырдағы білім беру ісінің тағы бір басты бағдары – білім беру мен тәрбиелеуде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану. Бұл технологиялар әрбір адам үшін тұратын мекеніне қарамастан сапалы білім алуға мүмкіндік беретін қашықтықтан оқыту технологиясының көмегі арқылы білім тарату жүйесін реттеуге жағдай жасайды. Қашықтықтан білім берудің стратегиялық мақсаты – азаматтардың өмір сүретін мекендеріне немесе кәсіби қызметіне байланыссыз білім алу құқығын қамтамасыз ету. Мұндай білім беру түрі – кеңірек демократияландырылған жүйе, ол жекелеген адамдардың білімдік деңгейіне бейімделе алады. Жаһандық экономиканың негізін қалайтын ғылыми біліктілікті жеделдету жағдайларында өмір бойы үздіксіз білім алу басыңқы мәнге ие болып отыр.

Жылдам өзгеретін құбылмалы әлемде әр адам өздігінен шешім қабылдауға, ақпарат тапшы немесе шамадан тыс көп болған жағдайлардың кез-келгенінде үнемі күрделену үстіндегі мәліметтермен жұмыс істеуге үйренуі тиіс.

Білім беру ісінің тағы бір даму бағдары – оны мазмұны бойынша ғана емес, білімнің әмбебаптық сипатына, халықаралық ғылыми қауымдастықтың ұжымдық күш-жүгерін жұмылдыруға негізделген оқыту әдістемелері мен ұйымдастыру формалары бойынша да **интернационалдыру**. Білім беру ісі білім мен технологиялардың мәселелерін, геосаяси міндеттерді шешудің де құралына айналып келеді.

Жоғары білімді дамытудың басқа да аса маңызды бағдарлары:

1. Жоғары білімді демократияландыру, басқаша айтқанда, оның қамту аумағын кеңейту. Бұл барған сайын бұқаралық болып келеді. Көптеген елдерде орта мектептер түлектерінің үштен екі бөлігінен астамы жоғары оқу орындарына түседі. Қоғамның XXI ғасырдағы жаңа технологиялық негізі жалпыға бірдей жоғары білім беру немесе ең аз дегенде жоғары білімнің бірінші сатылық деңгейін меңгеру міндетін қойып отыр.

2. **Білім экономикасының пайда болуы.** Мұнда білім экономикалық өсудің негізгі қозғағышы ретінде физикалық ресурстар орын алмастырады. Университеттер білім экономикасының маңызды элементтері болып табылады: олар жаңа экономика үшін «жұмыс күшін» даярлайды, өздері білім қуатын беруші орынға айналады.

3. Жоғары білімдегі жоғарыда аталған бағдарлар университеттер алдына біз шешетін бірқатар елеулі мәселелерді қойып отыр:

- жоғары білімнің мазмұнын, деңгейлерін, реформаларын және құрылымын диверсификациялау;

- білім сапасы мен кәсіптік біліктіліктердің халықаралық салыстырмалылығына қол жеткізу;
- қаржы көздерін диверсификациялау;
- мейлінше заманауи білім бағдарламалары мен ғылыми зерттеулерді дамыту;
- ЖОО-лар мен еңбек нарығындағы серіктестер байланыстарын нығайту.

Іс жүзінде жоғарыда аталған бағдарлардың бәрі Қазақстан Республикасы жоғары білім жүйесінде де бар. Әрине еліміздің экономикасының өзіндік ерекшеліктеріне және даму деңгейіне байланысты олар басқа дамыған елдермен салыстырғанда, кейде айқын, кейде көмескі көрінеді. Сондай-ақ университеттердің жаһандану, интернационаландыру және республиканың бүкіл экономикасын түбегейлі жаңғырту үдерістерімен байланысты мәселелері біздің Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне де тән және олар оқу орнының ағымдағы жағдайына, оның болашақтағы дамуына ықпал етеді.

1.3 Ағымдағы жағдай сараптамасы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті педагог-кадрларды шыңайтын оқу-білім ордасы ретінде қоғамға кеңінен танымал қазақстандық байырғы жоғары оқу орны.

Бүгінде ол – 12 мыңнан астам студент, магистрант және докторанттар оқитын білім, ғылым және мәдениет орталығы.

2007 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының лауреаты атанды. Дәл сол жылы білім беру қызметтерінің сапасы, қоғамның әлеуметтік тапсырысын орындаудың жоғары деңгейі «Еуропалық сапа» және «Біріккен Еуропа» (Ұлыбритания) сыйлықтарымен марапатталды.

Университет – бірқатар халықаралық ұйымдар мен ассоциациялардың мүшесі.

Бұл жоғары оқу орны 2005 жылдан бері сапа менеджменті жүйесінің МС ИСО 9001:2008 сапа саласының халықаралық стандартының (IQ Net және «Русский Регистр» сертификаттау жөніндегі ұйымының халықаралық сәйкестілік түрде дәлелдеп келеді.

2011 жылы сапа менеджменті жүйесін қайта сертификаттау және оның магистратураның білім бағдарламасында қолданылу аясын кеңейту жүргізілді.

Университет еліміздің педагогикалық ЖОО-лары арасында 2009 жылы өткізілген өсу сапасын сараптау қорытындылары бойынша көш бастап келеді.

2010 жылы ҚазҰПУ Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық аккредиттеу орталығы (ҰАО) институционалдық аккредитациясының сертификатына ие болды. Бұл еліміздегі, сондай-ақ халықаралық білім беру кеңістігіндегі университет беделін айқындайтын көптеген көрсеткіштердің бірегейі болып табылады.

Бакалавриаттың информатика және физика саласындағы білім беру бағдарламасына сәйкес 2011 жылы ASIIN (Германия) аккредиттеу агенттігінде халықаралық аккредиттеуден өтті.

Дамудың мынадай басым бағыттары белгіленді: университетті басқару жүйесін үнемі жетілдіріп отыру; ғылым мен білімді интеграциялау; халықаралық қызметтестікті кеңейту; оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру және оны жоғары деңгейде ақпараттандыру; қызметкерлер біліктілігін үздіксіз түрде жоғарылату; материалдық-техникалық базаны ұдайы нығайтып отыру.

Бұл басым бағыттар республиканың жоғары білім беру жүйесін дамытудың талаптарына сәйкес келеді.

Университетті басқарудың стратегиялық жоспарлауға, сапа менеджментінің жүйесіне негізделген жана ұстанымдары белгіленді. ЖОО-ны басқару аясында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бұл істің тиімділігін жоғарылататын негізгі құрал болып табылады.

Университеттің қаржылық саясаты қаржылық тұрақтылықты, шығындарды оңтайландыруды, қызметкерлер тұрмысын жақсартуды қамтамасыз етуге бағытталған. Университет кірістерін қалыптастырудың негізгі көздері-бюджеттік және бюджеттен тыс қаржыландыру жүйелері.

Университет өзінің ұзақ мерзімдегі және қысқа мерзімдік міндеттемелері бойынша қаржылық есептесуге қабілетті, бұл оның төлемдік қабілетін және қаржылық тұрақтылығын көрсетеді.

Іскерлік белсенділіктің өсу көрсеткіші, тұтастай алғанда, қанағаттанарлық.

Алайда ақылы негізде оқитын студенттер құрамына бюджеттен тыс кірістердің тәуелділігі орын алған, осыған байланысты қаржыландыру арналатын, ақылы қызмет аясын кеңейту және бұл туралы жариялылықтың жоғары деңгейде болуын қамтамасыз ету қажет.

Тиімді инфрақұрылым жасалған. Университет иелігінде 12 оқу ғимараты, 5 студенттік жатақхана (стадионымен қосқанда), «Спартак» спорт кешені, денсаулық сақтау пункті, 4 тамақтандыру орны, студенттік дәмхана бар. Университетте 10 факультет және магистратура мен PhD докторантура Институты, 63 кафедра, колледж, 4 ҒЗИ және 4 ғылыми орталық, Білім беру сапасын талдау және біліктілікті жетілдіру институты, Ғылыми кітапхананың 13 оқу залы жұмыс істейді.

ЖОО-да мамандандыру кабинеттері, компьютерлік сыныптар, лингофондық кабинеттер, оқу зертханалары шеберханалар бар. Оқу-зертханалық орындардың заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілуі білім беру үдерісінің ерекшеліктеріне сай.

512 кб/сек. жылдамдығымен Ғаламторға шыға алатын университеттің ақпараттық-коммуникациялық корпоративтік торабы құрылған, Білім беруді ақпараттандыру орталығы жұмыс істейді. <http://www.kaznpu.kz> (ip212.19.129.195) мекен – жайындағы серверде орналасқан университеттік портал құрылған, алайда ақпарат беру қуаты әлі шектеулі.

Қолда бар ғимараттар мен үйлерді күрделі жөндеуден өткізу және жаңа құрылыстар есебінен материалдық – техникалық база үнемі жақсартылу үстінде. Алайда материалдық-техникалық базаны жаңарту ойдағыдай қарқынмен жүргізілмей келеді. Бұл мамандар даярлау ісіне кері әсерін тигізуде.

Басқа елдімекендерден келген студенттерге жатақханадан орын беріледі. Алайда жатақханаға мұқтаждардың 40% ғана мұндай мүмкіндікке ие бола алады. Сондықтан басқа елдімекендерден келгендерді жатақханамен қамтамасыз ету жөнінде бұдан әрі де мақсатты жұмыстар жүргізу қажет.

Университет мамандар даярлаудың үш деңгейлі үлгісін қолданып келеді. Олар: бакалавр – магистр – PhD докторы. Осы жүйеде бакалавриатта 55 мамандық, магистратурада 49, докторантурада (PhD) 16 мамандық бойынша білім беру жүзеге асырылады.

Бұл оқу орнында білім алатындар саны 2009/2010 оқу жылында 12 749 болса, 2010/2011 оқу жылы 11 500, ал 2011/2012 оқу жылында 12 245 адам болды. Осы санатта магистранттар саны орта есеппен 5%-ды, ал докторанттар қатары 0,4%-ды құрады. Мұндай арақатынастық мөлшер жоғары оқу орнын бітіріп, келесі оқу сатысы бағдарламаларымен білім алуды жалғастыратындар саны негізгі құрам болуға тиіс ұлттық мәртебедегі университет үшін жеткіліксіз.

Университетте сапалы оқу үдерісін ұйымдастыруды қамтамасыз ету ісі заманауи талаптарға сай жүргізіледі, оқытудың кредиттік технологиясы енгізілген, сабақтарды өткізудің интерактивтік формалары мен әдістері пайдаланылады, инновациялық технологиялар қолданылады, шетелдік тәжірибе үлгі ретінде алынып, белгілі ғалымдар, профессорлар жұмысқа тартылады.

Бүгінде өз қызметінің мазмұнын ғылыми көзқараспен, шығармашылық ізденіспен, ғылымның жетістіктерін, педагогикалық озық әдістерді кеңінен пайдаланумен байытатын педагогтар мол сұранысқа ие.

Университетте шағын жасақталған мектептер проблемаларына көп көңіл бөлінеді. 2008 жылдан бері «Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Қазақстан Республикасындағы шағын жинақты мектептер Академиясы порталы түріндегі ақпараттық білім беру жүйесін дамыту» атты ғылыми жоба аясында көп жұмыстар жүргізілуде. Осы жоба шеңберінде Алматы облысының Қалпе кентіндегі Дзержинский және Лермонтов атындағы мектептерде On-line режимінде оқытудың аудио-видеолық құралдарын, ақпараттық білім беру бағдарламаларын пайдалану арқылы видео-конференциялар өткізілді. Сондай-ақ республикадағы шағын жинақты мектептер мұғалімдерінің өздігінен білім алу және біліктіліктерін арттыру мақсатындағы курстар ұйымдастырылды. Жоғарыда аталған портал арқылы шағын жинақты мектеп педагогтарының өз білімдерін өздігінен жоғарылату ісі, мектеп оқушылары арасында шеберлік сабақтарын өткізу, мұғалімдер арасындағы тәжірибе алмасу сабақтарын өткізу шаралары ұйымдастырылды.

On-line режимінде жұмыс істейтін университеттің профессор-оқытушылар құрамының білім беру қызметі шағын жинақты мектептер мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін арттыратын тиімді технологияларды жүзеге асыру, мектеп оқышыларының функционалдық сауаттылығын жоғарылатуға бағытталған.

Осы жоғары оқу орнында құрылған қолдау көрсету қызметтері білім беру бағдарламаларын меңгеруге, студенттердің бос уақыттарын дұрыс ұйымдастыруға ықпал етеді. Мамандықтарды оқу-әдістемелік және кітаптармен қамтамасыз етуге көп көңіл бөлінеді. Кітапхананың кітап қорын толықтыруға жыл сайын қомақты қаржы бөлінеді.

Университет білім алушыларға жан-жақты әлеуметтік қолдау көрсетіп келеді. Оқу ақысын төлеудің дифференцияланған жүйесі енгізілген, келісімшарт негізінде оқитындар үшін жеңілдіктер жасау тәжірибеге енгізілген.

Сонымен қатар оқуға түсуші талапкерлерді іріктеу сапасын жоғарылату, жұмыс берушілерді элективтік курстарды дайындау ісіне тарту, оқу-әдістемелік қамтамасыздандыру сапасын арттыру қажеттілігі өз шешімін табуды күтіп тұр. Мамандықтар мен оқыту тілдерінің ерекшеліктеріне қарай оқулық, кітаптармен қамтамасыз ету ісі ерекше көңіл бөлуді қажет етеді.

Студенттер санасына азаматтық және отансүйгіштік сезімдерді сіңіруге, Абай мұрасын насихаттауға, халықтық дәстүрлерді бағалауға үйретуге, студенттердің әлеуметтік белсенділігін арттыруға, оларды өз-өзін басқара білуге, тұлға ретінде ұдайы өсуге баулуға бағытталған үйлесімді, жүйелі жұмыстар жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі қоғамдық комиссия жұмыс істейді. Жемқорлыққа қарсы акциялар өткізіліп, студенттер арасында сауалнамалар өткізіледі, оқу ғимараттарында ректор пошталары орналастырылған. 2008 жылы тәрбие жұмыстарының жана, инновациялық түрлерін іздестіруге бағытталған тәлімгерлік институтының негізі қаланды.

Сонымен қатар студенттерді өзін-өзі басқару ұйымдарына, азаматтық-құқықтық, эстетикалық және этикалық тәрбие істеріне, шығармашылық, спорттық т.б.қоғамдық ұйымдарға кеңінен тарту қажеттілігі туындайды.

2009\2010 оқу жылында профессорлар мен оқытушылар саны 1371 адам болды. Оның 12,7% ғылым докторлары, профессорлар, 38,2% ғылым кандидаттары, доценттер болды, ғылыми дәрежелері бар оқытушылар 51%-ды құрады. 2010/2011 оқу жылында профессор-оқытушылар құрамында 1241 адам қызмет атқарды, олардың 12,5% ғылым докторлары, 38% ғылым кандидаттары болған, ғылыми дәрежеге ие болғандар саны-51%. Ағымдағы оқу жылы ПОҚ-тың жалпы саны – 1114 адам, олардың ішінде ғылым докторлары, профессорлар 16% болса, ғылым кандидаттары, доценттер – 38%, ғылыми дәрежелі ұстаздар мен қызметкерлер – 57%.

Профессор-оқытушылар, қызметкерлер құрамының орташа жас мөлшері - 57 жас, бұл жағдай университет басшылығын алаңдатуда.

ҚазҰПУ-да оқытушылардың ғылыми-педагогикалық біліктілігін жоғарылату, олардың қызметтік өсуіне жағдай жасалынған. Қосымша кәсіби білім беру жүйесі кадрлардың біліктілігін жоғарылату бағдарламаларының жүзеге асырылуын қамтамасыз етіп отыр. Соңғы бес жылда 1510 оқытушы біліктілікті жоғарылату курстарынан өтті.

Университет оқытушылары ғылыми машықтану, дәріс оқу мақсаттарында шетелдерге барып тұрады. Бірақ бұл – сирек жағдай. Осыған байланысты оқытушылар оңтайлылығын арттыру, жас мұғалімдерді іске тарту, профессор-оқытушылар құрамын жаңғыртып отыру, біліктілікті жоғарылату жүйесін жетілдіре түсу жөніндегі міндеттерді шешу қажет.

Ғылыми зерттеулердің белгілі бір басыңқы бағыттарына сәйкес ғылыми мектептер құрылып, іргелі және қолданбалы жобалар жүзеге асырылуда. Жобалар республикалық бюджеттің (62,2 млн.теңге), сондай-ақ университет қаржысы есебінен (65,25 млн.теңге) орындалады.

Tempus Legacy International, LEADHER, IТЕC–Indian Technical & Economik Cooperation, TEMPUS- CANQA Ага- Хан қоры үйлестіретін 6 халықаралық ғылыми-білім беру жобасы жүзеге асырылу үстінде.

Қажетті ғылыми инфрақұрылым құрылған. Шетелдік ЖОО-лармен (Темпус,Эрасмус) бірлестіктегі білім беру және ғылыми-зерттеу жобалары атқарылуда. 15 серия бойынша Абай атындағы ҚазҰПУ басылымы – «Хабаршы» жарық көріп келеді. Қазақстандық жетекші 10 журнал санатында физикалық-математикалық серия басылымы Ұлыбританияның ғылыми журналдарының цитаттау базасына енгізілді.

Университет халықаралық қарым-қатынасты жетілдіруге белсене қатысып келеді. Ұлыбританияның, Францияның, Германияның, Чехияның, Польшаның, Қытайдың, Жапонияның, Ресейдің, т.б. жоғары оқу орындары Абай атындағы ҚазҰПУ-дың серіктестері болып табылады. Оқу орнының магистранттары мен студенттерін серіктес университеттермен алмасу бағдарламасы іске асырылуда.

Университеттің халықаралық рейтингтерге (Шанхай рейтингілік ұйымы және QS (Ұлыбритания) қатысуын қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Халықаралық білім беру кеңістігінен лайықты орын алу үшін шетелдік студенттерге білім берудің тартымды жағдайларын жасап, академиялық оңтайлылықты жетілдіре түсу керек және шетелдік ЖОО-лармен бірлескен қосдипломдық білім жүйесін кеңейте беру қажет.

1 кесте – SWOT – сараптама

Күшті жақтары (Strengths)	Мүмкіндіктер (Opportunities)
Республиканың қоғамға белгілі және айқын белгіленген даму бағыттары бар байырғы ЖОО	Мемлекеттік және қоғамдық көлемде білім беру маңызын арттыру
Сапа менеджменті жүйесі қызметінің негізіндегі университет жұмысы	Кіріс түсу көздерін диверсификациялау

Қаржылық, материалдық-техникалық, ақпараттық ресурстардың үнемі өсуі	Халықаралық талаптарға сәйкес жоғары білімді жаңғырту, білім беру сапасын арттыру
ЖОО-ның тұрақты қаржылық жағдайы	Халықаралық қызметтестікті, академиялық оңтайластықты, бірлескен білім беру бағдарламаларын кеңінен дамыту
Бакалавриат және магистратура мамандықтарының кең көлеміндегі спектрі	Еңбек етуге және тұрмысқа қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған әлеуметтік, т.б. бағдарламаларды дамыту
Профессор-оқытушылар құрамы мен жоғары әкімшілік буынның біліктілігі	Білім беру ісінің заңнамалық және нормативтік-құқықтық негізін жетілдіру
Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу	Имидждік, ақпараттық және кәсіптік бағдар беру жұмыстарын күшейту
Еліміздің қоғамдық-саяси өміріне қатысу және кең көлемді халықаралық қызметтестік	Корпоративтік басқару ұстанымдарын енгізу
Білім алушылардың және қызметкерлердің мәдени, интеллектуалдық дамуына жасалған жағдай, салауатты өмір салтының қалыптастырылуы	
Әлсіз жақтары (Weaknesses)	Қауіптер (Threats)
Университеттің кең көлемдегі халықаралық танымалдылығы қамтамасыз етілмеген	Жоғары білімді мемлекеттік қаржыландырудың төмендеуі, мамандар даярлауға берілетін мемлекеттік тапсырыстардың азаюы
Басқаруды ақпараттандырудың төмен деңгейі, оны жетілдіру қажеттілігі	Ақылы оқу бағасының заңсыз демпингі және ЖОО-лардағы еңбекақы мөлшерінің өсуі
Материалдық-техникалық, ақпараттық және кітапханалық ресурстар білім алушылардың және профессор-оқытушылар құрамының қажеттіліктерін толық мөлшерде қамтамасыз ете алмайды	Бәсекелестер позицияларының нығаюы
Ғылыми-зерттеу жұмыстарын республикалық бюджет есебінен және халықаралық гранттар арқылы қаржыландыру үлесінің аздығы	Өткен жылдары орын алған демографиялық өзгерістердің жағымсыз салдарлары
Мамандарды даярлаудың білімдік бағдарламаларының арасында халықаралық агенттіктер аккредиттеген	Университеттен кәсіби біліктіліктері жоғары профессор-оқытушылар құрамының кетуі

бағдарламалар санының аздығы	
Профессор-оқытушылар құрамының қартаюы, шетелдерде кәсіби шеберлікті жоғарылату мүмкіндігінің шектеулілігі	ЖОО-ның мемлекеттік аттестаттаудан және халықаралық аккредиттеуден өтпеуі
Басқа ұйымдармен және ЖОО-лармен бірлескен ғылыми зерттеулердің жеткілікті түрде дамымауы	
Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен инновацияларды енгізу деңгейінің төмендігі	
Халықаралық білім және ғылым кеңістігінде жеткілікті деңгейде көрінбеу	

Жалпы алғанда, университет қызметі бойынша өткізілген SWOT- сараптама оқу орнының Миссиясын, болашақ көрінісі мен стратегиялық бағыттарын белгілеуге, университетің даму стратегиясына енгізілген міндеттері мен көрсеткіштерін айқындауға мүмкіндік берді.

1.4 Болашақ көрінісі

КӨРІНІМ: Ұлттық Университет мәртебесіне толық сай келу, педагогикалық білім беру саласында қоғамда және халықаралық білім кеңістігінде жоғары беделге ие зерттеу университеті деңгейіне жету.

Ұлттық мәртебеге сай болу дегеніміз – университеттің педагог кадрларды даярлау саласында жетекші ЖОО болуы, оның аймақтық ЖОО-лармен тығыз байланыста жұмыс істеуі. Университет сынақтық оқу бағдарламалары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асырады, аймақтық ЖОО-лар басшыларының және профессор-оқытушылар құрамының біліктіліктерін жоғарылату жұмыстарын жүргізеді.

Кадрлар даярлауда магистрлік және докторлық бағдарламаларға айрықша мән беріледі. Университетте білім беру саласындағы магистрлер мен PhD докторларын аймақтық ЖОО-лар үшін профессор-оқытушылар құрамын даярлау ісі жинақталады.

Зерттеу университетінің кең төлемдегі ғылыми инфрақұрылымы болуға тиіс, оқу орны білім беру саласында ғылыми зерттеулердің бағдарламаларын үйлестіруді жүзеге асырады.

1.5 Миссия

МИССИЯ: жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі бар, бәсекелестікке қабілетті, білікті мамандарды даярлау.

Бұл миссияны жүзеге асыру мәні кәсіби біліктіліктерді жоғары, әлеуметтік жауапкершілігі зор, бәсекелестікке қабілетті, заманауи технологияларды меңгерген, ғылыми -педагогикалық және зерттеушілік дағдыларын бойларына сіңірген, еңбек нарығының әлемдік талаптарына сай мамандар даярлауда жатыр.

Сонымен қатар миссияны жүзеге асыру біртұтас мәдени, біліми, интеллектуалдық және инновациялық университеттік кеңістікті құруды, Болон үдерісінің әлемдік тенденциялары мен ұстанымдарына сәйкес үздіксіз білім беру сапасын қамтамасыз етуді, халықаралық белсенді қызметтестікті және университет студенттері мен қызметкерлерінің академиялық оңтайлылығын қалыптастыруды қарастырады.

1.6 Басым бағыттар және стратегиялық мақсаттар

Стратегиялық бағыттар	Мақсатты индикаторлар	Корсеткіштер	2011 ж.	2012 ж.	2015ж.	2020ж.
1. Бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау	1. ЖОО-ның әлемдік рейтингілерге қатысуы (QS World University Rankings) <i>рейтингтегі орын:</i> 2011 ж. - 601 ⁺ 2013 ж. - 600 2015 ж. - 500 2020 ж. – 400	1. ЖОО түлектерін жұмыспен қамту (түлектердің жалпы санынан %)	80	83	90	95
		2. Студенттердің академиялық оңтайлылығы (ЖОО, серіктестер қаржысы есебінен) (жалпы сандағы студенттер үлесі)	0,4	2,5	10,0	20,0
		3. ЖОО-да оқитын шетелдік студенттердің жалпы санынан, %	1,4	2,0	4,0	6,0
	2. ЖОО-ны және білім беру бағдарламаларын аккредиттеу (ЖОО-дағы білім беру бағдарламаларының жалпы санынан %)					

	2011 ж. – 2 2013 ж.- 7 2015 ж. - 40 2020 ж.- 70					
		4. Халықаралық агенттіктерде аккредиттеуден өткен білім беру бағдарламаларының үлесі (бағдарламалардың жалпы санынан, %)	2,0	7,0	40,0	70,0
		5. Дәріс оқуға және ғылыми жобаларға қатысуға тартылған шетелдік оқытушылар мен ғалымдар үлесі университет ПОҚ жалпы санынан, %	1,6	4,5	10,5	20,0
		6. ПОҚ ғылыми дәрежеленуі, %	51	60	65	70
		7. Даярлау ағылшын тілінде жүргізілетін мамандықтар саны, бірлік.	4	6	8	12
		8. Біліктілікті жоғарылатудан өткен ПОҚ үлесі (ПОҚ жалпы санынан,%): елімізде шетелде	15 2,9	20 3,0	25 4,0	25 5,0
		9. Электронды оқыту құралдар саны, e-learning енгізу үшін, бірлік.	2	15	40	70

		10. Мектепке дейінгі білім бойынша білім беру бағдарламасына енгізілген жаңартылған элективті пәндердің үлесі, % *	-	15	30	-
		11. Білім беру бағдарламаларына енгізілген практикалық-бағдарлық пәндердің үлесі %.	-	50	60	-
2.ЖОО-ны инновациялық қызметке бағдарланған зерттеу орталығы ретінде қалыптастыру	1. ЖОО–ның ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін білім беру үдерісіне енгізу , (%) 2011 ж. – 20 2013 ж. - 25 2015 ж. - 40 2020 ж. -60	1. ПОҚ импакт факторлы журналдардағы жарияланымдар саны, жарияланымдардың жалпы санынан, %	0,7	1,0	1,5	2,5
		2. Авторлық куәліктер, патенттер (қорғалатын құжаттар) алған, жаңалық ашқан ПОҚ үлесі, %	1,2	1,5	1,7	2,2
		3. Іргелі және қолданбалы зерттеулерге қатысқан ПОҚ үлесі, %	30,0	40,0	50,0	90,0
		4. ЖОО-ның ортақ бюджеттегі ғылыми зерттеулерден алған кірістік үлесі, %	2,4	2,6	4,0	5,0
		5. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына университеттік гранттар түрінде бөлінген қаржы	1,0	2,0	2,3	2,5

		үлесі, %				
		6. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу үлесі, %	27,0	30,0	35,0	40,0
		7. Университетте орындалатын білім беру саласындағы ғылыми жобалар үлесі, %	30,0	60,0	70,0	80,0
		8. Университетте орындалатын инновациялық жобалар саны, <i>бірлік</i> .	2	5	7	10
		9. Бір оқытушыға шаққандағы жарияланымдардың орташа саны, <i>бірлік</i>	2.4	5	7	10
		10. Ғылыми зертханаларда жүзеге асқан жобалар, <i>бірлік</i>	15	30	55	60
		11. Ғылыми құрылымдар саны, соның ішінде басқа ұйымдармен бірлесе құрған құрылымдар саны, <i>бірлік</i>	9	13	15	20
		Коммерциялық ұсыныстар әзірлеуге негіз болған аяқталған әзірлемелердің үлесі, % *	2	4	6	
3. Жастардың бойында белсенді азаматтық	1. Халықаралық студенттік ұйымдарға қатысушы студенттер үлесі (<i>жалпы</i>)	1. Белсенді азаматтық ұстанымды дамытуға бағытталған халықаралық келісімдер, <i>бірлік</i>	-	-	1	2

ұстанымды қалыптастыру	<i>санынан %);</i> <i>2011 ж. - 0,5</i> <i>2013 ж. – 0,7</i> <i>2015ж. – 0,9</i> <i>2020 ж. – 1,0</i>	2. Республикалық және халықаралық шараларға қатысқан студенттер үлесі, %	35	45	55	80
		3. Республикалық және халықаралық жобаларда жүлделі орындар алған студенттер үлесі, %	9,0	10,0	12,0	15,0
		4. Өндірістік машықтанудан өткізетін базалармен қамтамасыз етілген студенттер үлесі, %	100	100	100	100
		5. Студенттерді ұлттық тәрбиенің жаңа жүйесімен қамту, %	50	100	100	100
		6. ҚР ұлтаралық саясаты және экстремизмге қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар саны, <i>бірлік</i> .	4	6	12	15
		7. Студенттер құрамын тәрбиелік сипаттағы әртүрлі шаралармен қамту,%	62	70	80	100
		8. Студенттер контингентін жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға бағытталған іс-шаралармен қамту, % *	-	75	85	-

		9. Спорттық секциялармен және жалпы сауықтыру шараларымен қамтылған студенттер үлесі (<i>жалпы саннан, %</i>)	25	40	0	80
		10. ЖОО-дағы білім беру қызметтерінің сапасын бағалау жөніндегі әлеуметтік сауалнамалар саны, <i>бірлік</i>	5	кемінде 5	кемінде 5	кемінде 5
4. Инфрақұрылымды дамыту және менеджмент	1. Студенттердің тұрғын үймен қамтамасыз етілуі, студенттердің жалпы санынан қамтамасыз етілу нормативтерімен сәйкес, (%) <i>2011 ж. - 35</i> <i>2013ж. - 40</i> <i>2015 ж. - 45</i> <i>2020 ж. - 100</i>	1. Пайдалануға енгізілген студенттік кампустар саны (нормативтерге сәйкес төсектік орын, <i>бірлік</i>)	-	-	1 (1 мың)	1 (1 мың)
		2. Жатақханаға зәру студенттердің жалпы санына шаққандағы жатақханамен қамтылған студенттер үлесі, %	35	40	45	100
		3. Жағдайлары төмен студенттерге әлеуметтік жәрдем беру: оқу ақысын төлеудегі жеңілдіктер (көмекке зәрулердің жалпы санынан %)	12	14	14	20
		4. 1 компьютерге шаққандағы студенттер саны	4,7	4.2	3	2,5

	5. Модернизацияланған оқу-ғылыми зертханаларының үлесі (олардың жалпы санынан,%)	20	40	60	80
	6. Кітапханалық қорды жыл сайынғы жаңарту (қолда бар қор мөлшерін ескергенде, %)	5	10	15	20
	7. Мақсаттық даярлау шеңберінде университет үшін даярланған PhD докторларының саны, <i>бірлік</i>	-	30	45	70
	8. ПОҚ орташа мөлшер, <i>жасы</i>	54	54	53	48

Стратегияны жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер

2020 жылға қарай стратегиялық бағыттарды жүзеге асырудан төмендегі нәтижелерге қол жеткізілмек:

1. Бағыт. Бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау

Көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасы халықаралық стандарттар мен талаптарға сай келетін болады.

Білім беру бағдарламаларының мазмұны Болон үдерісінің талаптары тұрғысында оқытудың инновациялық технологияларын кеңінен дамыта отырып, жаңартылды.

Профессор-оқытушылар құрамының сапалық деңгейі қайта даярлау және біліктілікті жоғарылату, шетелдік профессорлар мен ғалымдарды іске тарту, PhD докторларын университет үшін мақсатты түрде даярлауды қамтамасыз ету есебінен жақсартылды.

Ұлттық білім беру бағдарламаларын шетелдік жетекші ЖОО-лардың осы мақсаттағы бағдарламаларымен үйлесімді түрде жетілдіру негізінде халықаралық білім беру кеңістігіне ену жүзеге асырылды .

ЖОО-ларды аккредиттеудің халықаралық үлгісіне көшу мәселесі шешілді.

Кәсіби ассоциациялармен және қауымдастықтармен білім беру бағдарламаларын қалыптастыру және жаңарту, білім сапасын бақылау ісінде өзара серіктес болуға қол жеткізілді.

Бакалавриатты даярлаудағы мамандықтар тізбесі оңтайландырылды, педагогикалық емес бағыттағы мамандықтар қысқартылды.

Кәсіптік бағдар беру жұмысы жандандырылды, оқуға түсуші талапкерлердің сапалық құрамына қойылатын талаптар күшейтілді.

Кадрлар даярлау ісін корпоративті басқарудың алуан түрі мен әлеуметтік серіктестік дамытылды.

Білім сапасына штаттық мониторинг жасау жүйесі енгізілді.

E-learning жүйесін және барлық мамандықтар бойынша қашықтықтан оқыту әдісін енгізу жүзеге асырылды.

2-бағыт. ЖОО-ны инновациялық қызметке бағдарланған зерттеу орталығы ретінде қалыптастыру

Қажетті деңгейге қол жеткізіліп, университет білім беру аясында зерттеу орталығы мәртебесіне ие болды.

Ғылыми-сынақтық, оқу-әдістемелік және технологиялық базаны ұлғайтып, жаңарту есебінен университеттің ғылыми және инновациялық инфрақұрылымы нығайтылды.

Ғылыми зерттеулердің, әсіресе білім беру саласындағы ізденістердің аясы кеңіді.

Ғылыми мектептердің қызметі жанданып, ғылыми жұмыстардың тиімділігі жоғарылады.

Ғылыми-зерттеулердің нәтижелері коммерциалануда.

3-бағыт. Жастар бойында белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру

Ұлттық және жалпы адамзаттық рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтар негізінде университет түлегі жоғары мәдениетті, әлеуметтік жауапкершілігі зор тұлға болып қалыптасты.

Ұлттық тәрбие жүйесімен қамту толықтай қамтамасыз етілді.

4-бағыт. Инфрақұрылымды дамыту және менеджмент

Стратегиялық бағыттарды тиімділікпен жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жаңа менеджменттік жүйе енгізілді.

Корпоративті басқарудың ұстанымдары енгізілді.

Университеттің қаржылық тұрақтылығы қамтамасыз етілді.

Басқарудың ақпараттандырылған жүйесі жасалды.

Әкімшілік-басқарма қызметкерлерінің кәсіби біліктілігі жоғарылады.

Еңбек етуге және тұрмысқа қажетті қолайлы жағдайларды жасауға бағытталған әлеуметтік бағдарламалар кеңейтілді.
Оқу-білімдік және әлеуметтік инфрақұрылым кеңейтілді.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың даму Стратегиясын жүзеге асырудың 2011-2015 жылдарға арналған жоспары Бақылау Кеңесінің 28.04.2012 жылғы шешімімен бекітілген (№ 2 хаттама).

* *Толықтырулар қарастырылып, Ғылыми кеңестің 2013 жылғы 29 қаңтарындағы шешімімен мақұлданды және Бақылау Кеңесінің 28.04.2012 жылғы шешімімен бекітілген (№ 2 хаттама)*